

Өзбекстан Республикасы халыққа білім беру уәзірлігі

Әжініяз атындағы Нөкіс мемлекеттік педагогикалық
институты

Филология факультеті
Қазақ тілі және әдебиеті кафедрасы

Сөйлеу мәдениеті пәнінен
лекция мәтіндері

Дайындаған: ф.ғ.к. Ш.Кудьярова.

Н Ө К І С - 2010

Сөйлеу мәдениеті пәнінің зерттеу объектісі мен мақсаты
Жоспары

- 1.Сөйлеу мәдениеті пәнінің зерттеу объектісі.
- 2.Пәннің міндеттері.
- 3.Пәнді үйренудің маңызы.

Тірек түсінік: Сөйлеу мәдениеті пәні тіл білімінің өзіне тән өзгешеліктерге ие болған бір тарауы. Ол тіл білімінің теориялық курстарынан үйренген білімдеріне сүйенген жағдайда шебер сөйлеу сырларын, жолдарын үйретеді.

Сөйлеу мәдениеті - практикалық жақтан сөйлеудің әр қилы проблемеларын үйрететін пән. Жоғары оқу орындарында тіл білімінің өз алдына бір тарауы сыпатында шебер, әдемі сөйлеудің сырларын, тіл нормалары, сөйлеу,сөйлеу стильдері, сөйлеуде ұшырауы мүмкін болған кемшіліктер, сөздерді дұрыс айту қаделеріне тән болған мәселелер төңірегінде пікір жүргізетін арнаулы пән сөйлеу мәдениеті пәні өтіледі.

Сөйлеу мәдениет пәні өзінің тексеру объекті және міндеттеріне ие. Оның зерттеу предметі сөйлеудің тіл құрылысы, әдеби тіл нормалары, сөйлеудің коммуникативтік (қатынас үшін керекті) характерінде.

Сөйлеу мәдениеті теориясында тіл нормасы негізгі түсінік.Тіл мәдениетінің негізгі тексеру объекті әдеби тіл нормалары. Бұл негізгі міндеті болса, сол нормадағы әр түрлілікті жоқ ететін болуы керек» деп - атап өтіледі. «Тіл және стиль» деген еңбекте. «Язык и стиль» М.1995 43-б). Тіл нормасы түсінігі құрамалы мәселелердің бірі болып, көп өлшеулі, көп анықтамалы, яғни объектив-тарихи, мәдени-социологик және лингвистикалық мәселе.

Сондықтан да сөйлеу мәдениеті пәні әдеби тіл нормаларын, оның тарихи даму барысын,ондағы кейбір тілдік құралдардың көнеріп,орнына қоғамның жаңа талаптарына жауап беретін құбылыстардың пайда болуын бақылап және белгілеп отырады.Соңғы уақыттары тіл білімінде сөйлеу мәдениеті,тіл мәдениеті түсініктері тез-тез тілге алына бастады. Бірақ келтірілген атаулар мен сәулелендіретін түсініктер тіл білімі үшін жаңалық емес. Сөйлеу мәдениеті,тіл мәдениеті түсініктерін 20-30 жылдары жазылған еңбектерде де ұшыратуға болады. Тіл мәдениеті бұл тілді көре, есіте білу, өз ана тілі туралы білімдерінді кеңейту және бекемдеу, оның басқа тілдерге әсерін анықтау.

Тіл мәдениеті - бұл оқулық емес. Оны біржолатаға жаттап алуға болмайды. Тіл мәдениеті бізге бір өмір жолдас болуы керек. Егер біз ана тіліміздің таусылмас мол байлығын білгіміз келсе,бұған ұмтылуымыз керек. Әрбір тіл өзінің тарихына ие, өзгешелігіне, жазба байлықтарына ие. Сөйлеу мәдениеті адамдар ойлағандай филологтар ойлап тапқан ауыр еңбекті міндет емес. Сөйлеу мәдениеті, тіл мәдениеті біздің барлығымызға тиісті мәселе.

Бүгінгі күндегі қазақ тілі фонетикалық, грамматикалық, орфографиялық нормалары бірқанша жетіліскен дәрежеге ие болды. Бұл мәдениетіміздің үлкен жетіскендігі. Ұлттық мәдениеттің ажыралмас бөлегі болған сөйлеу мәдениеті де өте жоғары дәрежеге жетуі мақсатқа сай болады.

Қазақ тілі бүгінгі күнде қазақ халқының пікір алмасу құралы сыпатында үлкен міндетті атқарып жатыр. Мемлекетте мемлекет істері, білім беру, үгіт-насихат істері де осы тілде алып барылады. Қазақ тілінде халқымыздың ұлы істерін дәріптеуші үлкен көркем шығармалар тудырылып жатыр. Бір сөзбен ана тіліміз қазақ халқының жан-жақты өсіп дамуында қызмет жасап отыр.

Тілдің тудырушысы болған халқымыздың орнына шек келтірместен соны да атап өтуіміз керек, ана тілімізді байытуда ғалымдардың, ақын-жазушылардың, мемлекет қайраткерлерінің, педагогтардың қызметі ерекше. Олардың үлкен еңбегі нәтижесінде тілдің әр қилы тарауларында белгіленген норма қабылданды, тілдің дамуында көптеген мәселер ғылыми-теориялық негізге сүйенетін болды. Сондықтан қазіргі қазақ әдеби тілі мәдениеті жоғары дәрежеге көтерілді.

Сөйлеу мәдениеті өзінің бай тәжірибесіне ие болған жалпы мәдениеттің ажыралмас бөлегі. Бүгінгі күннің мәдениетті адамы ең алдымен сөйлеу мәдениетіне ие болу керек. Бұған әдеби тілдің шексіз бағасыз байлықтарын иелеп алмай тұрып және бұл байлықтан өз қажетіне пайдаланбай тұрып ерісуге болмайды.

Рухани және мәдени жетіскендік адамның білімділігі, данышпандығы және жоғары адамгершілігін көрсететін қасиеттердің бірі болып саналады. Жоғары тәрбиелі адамдарда тіл мәдениеті, сөйлеу мәдениеті де жоғары болады. Солай етіп сөйлеу мәдениеті әдеби тіл нормаларын сақтаған жағдайда дұрыс сөйлеу және жұрыс жазу өнері. Сөйлеу мәдениетінің жоғары формасы шешендік. Сондықтан да «Өнер алды -қызыл тіл» деп бекерге айтылмаған.

Ежелгі шығыс педагогикасының ғажайып шығармаларының бірі «Қабуснамада» сөйлеу әдебі, сөйлеу мәдениеті жөнінде үлгі аларлық пікірлер айтылған болып, ол бүгінгі күнде де үлкен маңызға ие. «Қабуснама» Қайқавус тарапынан 1082-1083 жылдары жазылған болып 44 тараудан тұрады. Шығарма автордың перзентіне айтқан насихаты сыпатында жазылған, Ол перзенттерін жағымды, кішіпейіл, орынды сөйлеуге шақырады. «Жақсы сөйлеуге үйрен және әдепті сөйлеуден басқа нәрсені әдет қылма, себебі қандай сөзді сөйлеуді қаласаң, тіл соны сөйлейді. Сөзді орнында сөйле, орнында айтылмаған сөз, егер ол сөз жақсы болса да жаман көрінеді. Биқұда сөйлем, себебі пайдасыз сөз зиян келтіреді. Шешен сөзді адамдармен де сөйлесіп тұр және сөйлеу шарттарын да үйрен. Адам шешен сөзді және шешен болуы тиіс» деп насихат еткен еді.

Сөйлеу мәдениеті әдеби тілдің әр екі формасы - жазба (баспа сөз) және ауызекі форма (бірінші кезекте кино, радио, телевидение, театр сахналары, лекция) үшін қажетті. Сөйлеу мәдениетінің дәрежесі сөйлеу мәдениетінің негіздері болған әдеби тілде дұрыс сөйлеу (орфоэпиялық) нормасы, грамматикалық қағидалардан, сөзді орынды қолдануда, стилистикалық мүмкіншіліктерден және басқа да құралдардан дұрыс пайдалануға байланысты.

Әдеби тіл дегеннің басты белгісі-оның өңделген, сұрыпталған, нормаланған тіл болуы, бұл-бір. Қызметі жағынан сол халықтың өмірінде

ұйымдастырушы, қоғам мүшелерінің басын қосушы сипаты, яғни жалпыға ортақтық қасиеті болуға тиіс. Әр нәрсенің, әр құбылыстың заты салыстыру арқылы, өзге құбылыстардың қарама-қарсысына қою арқылы таныла түседі. Әдеби тілді тану үшін оның қарама-қарсысына қойылатын басты құбылыс-ауызекі сөйлеу тілі. Бұл-үшінші шарт.

Әдеби тіл қолданылу тәжірибесінде қоғам сынынан өткен, нормаларын қоғам санасы дұрыс деп қабылдаған және ол нормалар барша үлгілерге ортақ болуы шарт. Бұл әдеби тілдің төртінші сипаты. Көптеген зерттеушілер әдеби тілді жазу арқылы белгілі жүйеге түскен, өңделген, сұрыпталған жазу дәстүрі мен әр түрлі жазба әдебиетінің негізінде қалыптасқан, қалыптасқан, тұрақты, орныққан нормалары, срильдік-жанрлық тармақтары бар, сол тілде сөйлейтін халықтың бәріне де көпшілігіне ортақ түсінікті, қоғамдық қызметі әр-алуан жалпы халықтық тілдің екшелген, сұрыпталған түрі деп көрсетіп жүр.

Сөйлеуде жағдайға, әңгімелесуші адамыңа, әңгіме тақырыбына сай келетін тіл элементтерін таңдап, оларды қабылданған әдеби нормалар негізінде белгілі бір жүйеге түсіріп қолдану тиіс. Солай болғанда ғана біздің сөзіміз тыңдаушылар тарапынан жақсы қабылданады. Сөйлеу мәдениетін иелеу біздің әрбіріміздің міндетіміз.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Сөйлеу мәдениеті пәнінің зерттеу объектісі не?
2. Пәннің міндеттері қандай?
3. Пәнді үйренудің маңызы неде?

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. М. Балақаев. Қазақ тілінің мәдениеті. Алматы, 1991.
2. Н. Уәлиев. Сөз мәдениеті. Алматы, 1992.
3. З. Қабдолов. Сөз өнері. Алматы, 1994.
4. М. Балақаев, М. Серғалиев. Қазақ тілінің мәдениеті. Алматы. 1995
5. Қудратов Т. Нутқ маданияти асрслари. Тошкент-1993
6. Нутқ маданиятига оид масалалар. Тошкент 1973
7. Қайқауыс Қабуснама. Нөкис 1987

Тіл мәдениеті нормалары

Жоспар:

1. Тіл мәдениеті нормалары туралы түсінік
2. Нормалаудың принциптері
3. Тіл мәдениетіне қойылатын талаптар

Тірек түсінік: Тіл мәдениеті – әдеби тілдің мәселелерін, халықтың тіл мәдениетін арттыру проблемаларын қарастырады. Тілдің ішкі заңдарына сүйену. Тілдік нормаларды орнату. Сөздегі шашырандылықты жою.

Әдеби тіл дамыған сайын оның сымбаттылық қасиеті арта түседі. Тілдегі олпы-солпылық – шеберлікке зәруліктің белгісі. Тіл өнеріне жаны құмар жандар ондай зәрулікке тәуелді болмаса керек. Олар тілді өткір құрал ретінде

жұмсай білген, оның байлықтарын ұрпақтан-ұрпаққа халықтық мұра етіп отырған.

Талай ғасырлар бойы дамып, бүгінгі қалпына келген қазақ тілін кемсітуге болмайды. Оның орасан көп байлықтары – халық даналығының туындылары. Халық тілінің сол байлықтарын өшпес «дәулетке» айналдыратын да, ол құралды шындай түсетін де – әр салалы жазба әдебиет.

Әдеби тілдің тарихын баяндамас бұрын “әдеби тіл” деген категорияның өзі туралы түсінікті анықтап алу қажет. Өйткені әдеби тіл дегеннің мазмұны, сипаты жөнінде тек қазақ тіл білімінде емес, жалпы лингвистикада анық, айқын, үзілді-кесілді айтылған тұрақты пікір жоқ.

Бірқатар ғалымдар әдеби тіл дегеніміз жалпы халықтық тілдің өңделіп, қырланған түрі деп таныса, енді бірсыпырасы жалпы хатқа түскен дүниелердің тілі әдеби деп табады. Сондықтан орыс әдеби тілінің тарихын сөз еткен бірқатар мамандар жазусыз әдеби тілдің болуы мүмкін емес деп санайды.

Қазақ тіл білімінде «әдеби тіл» деген ұғымға тиянақты бір анықтама берілмей келеді. Өйткені, қазақ тілінің бізге мәлім тарихының ерекшеліктері, жұмсалы өрісі толық зерттеліп біткен жоқ.

Жазба әдебиеттің «дүкеніне» түскен тіл байлықтары сөз шеберлерінің қаламына ілігетіндіктен, әр алуан әшекейге безенеді, сымбаттылық қасиетке ие болады, ықшамдалады, байи түседі. Осылардың нәтижесінде тілдік өлшем жасалады.

Тілдік «өлшем» дегеніміз «әдеби» деген ұғыммен тай-талас айтылады. Әдеби тілге сіңіскен, әдеби тілде орныққан тіл байлықтары – «тілдік өлшем» дегенге жатады. Тілдік өлшемнен тысқары құбылыстар, ауытқулар ауыз-екі сөйлеу тілінің ерекшеліктері болып есептеледі. Сондықтан «әдеби тіл», «әдеби емес тіл» дегенді халық тілінің өлшенуіне қарап айтамыз.

Тіл байлықтарын тегіс жіпке тізіп, әрқайсысын бөлек алып, ол былай айтылсын, былай жұмсалсын деп өкім шығару мүмкін емес. Ол «өкімді» әдеби тілдің ілгері даму процесінде біздің тіл жұмсау тәжірибеміз шығарады. Сонымен қатар тілді өлшемге келтіру ісіне тіл мамандары, әдебиетшілер, жазушылар, журналисттер, актерлер және басқалар белсене қатынасады. Әсіресе халықтың жазу мәдениетін бір ізге салу, орфография, терминология, пунктуацияны реттеу, грамматика жазу, сөздіктер құрастыру арқылы көп табысқа жетуге болады.

Біз тілді нормаландыру дегенді уағыздағанда, тілдің икемділік қасиетін жойып, сірідей сірестіріп қоюды көздемейміз. Тілдің икемділік қасиетін арттыруды көздейміз. Тіл материалдары сұрыпталып бүкіл халыққа тегіс түсінікті, әрі ұтымды, дәл, анық ету арқылы ғана тілдің икемдігін арттыруға болады. Сол мақсатпен тілдік өлшем үшін күресудің маңызы өте зор.

Тілдік өлшем жазуда ғана емес, сөз қолдануда да, сөздің айтылуында да, грамматикалық тұлғаларды пайдалануда да, сөйлем құрауда да – қысқасы, тілдің өн бойында болуға тиіс. Әрине, мынаны қолдан, мынаны қолданба деп барлығына бірдей айту мүмкін емес, сонда да жеке мәселелер жайында осы тұста қойылатын талаптардың нендей екенін дұрыс танып, көптесіп-

көмектесіп тілдік өлшемдерді баянды ете түсуге әбден болады. Сонымен қатар әрбір жазушы, әрбір журналист, әрбір сауатты азамат әдеби тілдің өлшемдерін жақсы біліп, соларды сақтап жазуға, сақтап сөйлеуге тиіс. Мысалы, сөйлеу тілінде «жиырма», «жерма» деп түрліше айтады. Ал, әдеби тілде сөйлеуші оны солай түрлендіріп айтуды да, түрлендіріп жазуды да мәдениетсіздік деп таниды, ар көреді.

М.О.Әуезов айтқандай «бар жазушының стилін бір қалыпқа салуға болмайды, барлық көркем шығармаға ортақ бір-ақ рецепт ұсынуға болмайды». Әр алуан стильмен жазатын жазушының өзінше шеберлік өнері болуға тиіс. Сондықтан көркем сөз шеберлері «ой толқынын, сезім ырғағын, психологиялық тартыс пен тайталасты тың тілмен, өзінше бір ораммен орайлап айтқысы келеді».

Ондайға жол ашық, ондай шеберлік шыңына қол сермеген жазушы тілін өлшемге келтіру мүмкін емес. Ал сөз шеберлерінің кітаптарында бір сөз әр түрлі жазылатын болса, әдеби тілге тән сөз тұрғанда, қайдағы ұсқынсыз сөздерді қолданса, грамматикалық, стильдік қателер жіберсе, әрине, ондайды сынға алмасқа болмайды.

Тілді өлшемдеу процесі үздіксіз болып отырады. Бірақ ол процесті жеделдететін кез – әдеби тілдің еркін, жан-жақты даму жолына түскен кезі. Әдеби тіл пайда болғанда, халық тілінде бар анархияға, дөрекілікке, қара дүрсін ала-құлалыққа тыйым салына басталады да, таңдау, талғау күшейеді. Соның нәтижесінде әдеби тіл белгілі жүйеге түскен тіл болып табылады.

Әдеби тілді өлшемге келтіру қалам қайраткерлерінің, ғылым қызметкерінің күшімен баспасөз, мектеп, радио, телевизия арқылы іске асады. Тілді өлшемге келтіру дегеніміз – бір жағынан тілде барды сол күйінде қалыптастыру болса, екіншіден, тілде барды өзгертіп қалыптастыру, үшіншіден, тілде жоқты, бірақ әдеби тіл үшін керекті жаңадан енгізіп қалыптастыру болады.

Қатынас құралы болып қалыптасқан тілге өзгеріс жасау мүмкін емес. Бірақ оны әдеби өлшемге түсіріп байытуға, жақсартуға, икемді етуге болады. Тілдегі бір қатар сөздердің, сөз тіркестерінің құрылысы дәл осы күнгі логикалық ой тұрғысынан онша үйлесімді болмауы да мүмкін. Бірақ солар қазіргі тілдік санада орнықты орын алып, мақсатты ойымызды дұрыс айтуға жарап жатса, ондайды өзгертудің керегі болмайды.

Мысалы, «жұмыс істеп жатыр», «қолын тістеп алды» дегендердің құрамын бөліп қарасақ, ондағы сөздер пәлендей логикалық байланыста тұрмағанын аңғаруға болады: жұмыс «істеу» мен «жатыр», «тістеу» мен «алды» етістіктерінің бөлек тұрғандағы мағыналары мүлде үйлесімсіз-ақ қой. Сонда да халық тілінде олардың бірін екіншісіне көмекші етіп, ерекше қызметте, жаңа мағынада солай жұмсалып дәстүрге айналған.

Ондайлар ойымызды дәл айтудың бірден-бір дұрыс амалы болатындықтан, оларды өзгертудің жөні жоқ. Тіпті, «күн күркіреді», «шақпақ шақты», «қарным ашты», «жаным ашиды» сияқтылар ескі мифологиялық ұғымға лайық құралғанмен, оларды қазір басқаша түсініп, жаңаша жұмсап керегімізді өтейміз.

Әдеби нормадан ауытқу екі түрлі болады:

1. *Жөнімен* ауытқу; 2. *Жөнсіз* ауытқу.

Әдеби норманы белгілі мақсатпен, стильдік өңі болғандықтан өзгертіп қолдану – жөнімен ауытқу болады. Әдеби норманы жөн-жосықсыз бұзып, бейбастық жасау жөнсіз ауытқу болады. Мұндайды әр уақытта жөнге салып отыру керек.

Қазақтың әдеби тілін нормалаудың үш түрлі жолы болады:

1. Тілдің ілгері даму процесінде оның ішкі заңдарына негізделген жүйелілік пайда болады. Оларды қазақ тілінің фонетикалық, лексикалық, грамматикалық қағидаларынан анық көруге болады. Мысалы, әдеби тіл болмай тұрғанда, қазақ тілінің дыбыстар жүйесінде «үндестік заңы» тиянақты орын алатын, морфологияда септеулер жүйесі, негізінде, бір ізге түскен болатын. Мұндайлар тілдің «табиғи» даму процесінің жемісі деп есептеледі.

2. Сондай тілдік дәстүрлерді әдеби тіл бекемдей түсті де, сөйлеу тілінде бар шашыраңқылықты, алауыздықты жою, тілдік нормаларды орнату процесі басталады. Ол үшін әдеби тілді пайдаланушылар арасында тілді нормалауға бейімделген жалпы бағыт, дұрыс бағдар болды.

3. Әдеби тілді әлгері дамыту туралы дұрыс саясат негізінде әдеби тілді нормалауға бағытталған көптеген жұмыстар жүргізілді: графика, орфография, пунктуация, терминология мәселелері шешілді: түрлі-түрлі сөздіктер жасалды, практикалық және ғылыми грамматикалар жазылды. Бұлар – тілді ресми түрде нормалауға бағытталған жұмыстар.

Сөйтіп, сөздің айтылуын, жазылуын, жұмсалуын, тілдің грамматикалық құрылысын мүмкін болғанынша бір қалыпқа түсірудің, тұрақты етудің мәні зор: сонда тілде дәлдік, айқындылық күшті болады, тілдің икемділік қасиеті артады.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Тіл мәдениеті дегеніміз не?
2. Нормалаудың қандай принциптері бар?
3. Тіл мәдениетін арттыруда қандай жұмыстар істелуі керек?
4. Мәдениетті адам қандай болуы керек?

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. М. Балақаев. Қазақ тілінің мәдениеті. Алматы, 1991.
2. Н. Уәлиев. Сөз мәдениеті. Алматы, 1992.
3. З. Қабдолов. Сөз өнері. Алматы, 1994.
4. М. Балақаев, М. Серғалиев. Қазақ тілінің мәдениеті. Алматы, 1995.
5. Қудратов Т. Нутқ маданияты асрслари. Тошкент-1993
6. Нутқ маданиятига оид масалалар. Тошкент 1973
7. Қайқауыс Қабуснама. Нөкис 1987

Тіл мәдениетінің лексикалық нормасы

Жоспары:

1. Тіл мәдениетінің лексикалық нормасы
2. Лексикалық нормаға жатпайтын сөздер
3. Лексикалық нормаға қойылатын талаптар
4. Шешендік өнері туралы түсінік.

Тірек түсінік: Әдеби тілдің жалпыға ортақ сөз байлығының қалыптасқан мағынада жұмсалудың тіл мәдениетінің лексикалық нормасы дейміз. Әдеби тіл нормаларын дұрыс білу. Диалектизмдер, кәсіби сөздер, жаргондар.

Сөз байлығы – тіл байлығы. Бірақ тілдегі сөз байлығының барлығының жұмсалудың аясы бірдей емес. Халық тілінде бар сөздердің көпшілігі-ақ әдебиетте жиі қолданылып жалпы халықтық нормаға айналды да, бір қатары қолданудан қалып қойды, не барынша сирек қолданылады. Сөйлеу тілінде бар біраз сөздер әдебиетте кездескенмен, әдеби нормаға жатпайды. Мысалы, шабар, кент, әм, әтеш, бойлай, жүдә сөздері бұрынды-соңды жазушылардың шығармаларында кездеседі, бірақ олар әдеби емес те, қала,әм- және (тағы), қораз, ылғи (әрқашан, әруақытта, өне бойы .), өте (аса, мүлде) сөздері әдеби.

Сөздердің әдеби, әдеби еместігін айыру оңай да емес, біреуге асыл көрінген сөз екінші біреуге жасық көрінуі де мүмкін. Әдеби нормаға қай сөз жатады, қай сөз жатпайды дегенді субъективті көзқарас тұрғысынан болжамай, әдебиетте жалпы халыққа бірдей ортақ байлық ретінде жиі қолдана ма, жиі қолданылмай ма деген тұрғыдан болжау керек.

Солай еткенде, әшейінде айтыла берілетін ас, шеге, тіс, су, өмір, сұлу, кір, отыз, түс, жүгір сияқты қарапайым сөздер де, махаббат, әсемпаз, дидар, жүрек («жаралы жүрек»), майталман тәрізді поэтикалық сөздер де, мүсін, құрылыс, жарыс, өнеркәсіп, радио, атом сияқты терминдік мәні бар сөздер де әдеби тіліміздің сөз байлығы болып есептеледі.

Қазақ әдеби тілінің сөз байлығы жалпы халықтық қасиеті бар байырғы және өзге тілдерден ауысқан сөздерден, ғылымның, өнер-білімнің, техниканың, саясаттың, мәдениеттің ... әр алуан терминдерінен құралады.

Сөйлеу тілі мен әдеби тіл тығыз байланыста болатындықтан, көп сөз екеуіне де ортақ. Бірақ сөйлеу тілінде олар ауытқығыш, құбылмалы болады. Мысалы, есеп сөзі бір елде, кейде бір семьяда түрліше айтылуы мүмкін (есеп, қысап, қисап, хисап), «көшет» сөзін біреу біліп, біреу білмеуі мүмкін, «құрылыс», «құрам» сөздерінің қайсысы қай мағынада екенін қарапайым шаруа айыра алмай, ауыстырып қолдануы мүмкін. Ал әдеби тілде ондайға жол жоқ. Онда сөздер анық, дәл, дұрыс қолдануға тиіс. Сонда ғана ойды ешбір қалтқысыз, мүлтіксіз дұрыс айтуға болады. Ол үшін сөздер әдебиетте жұмсала жүріп әбден қалыптасып кетуге тиіс.

Сөйтіп, қазақ тіліндегі сан алуан сөздердің әдеби тілге тәндері – әдеби нормаға жататындары бар, әдеби тілге тән емес, одан тыс, сөйлеу тіліне ғана

жататындары бар. Соларды айыра, таңдап, талғай жұмсасақ, әдеби тілдің лексикалық нормаларын тұрақты етуге мұрындық болар едік.

Әдеби тілдің лексикалық нормасына жатпайтын сөздер мыналар:

Әдеби	Диалектизм
жанғақ	шаттауық
собық	борми
ылғи	бойлай
көрпе	жуырқан
тәрізді	рәуішті
балапан	шібіш
тақия	тебетей
барлығы	әмбесі, әммасы.

Жер-жерде әдеби тілде бар сөздердің түрқын бұзып айту жиі ұшырайды. Олар диалектизм болуы да, ел аузында өзгеріске ұшыраған дөкір сөз (просторечье) болуы да мүмкін: Масалы:

Әдеби	Диалектизм
шейін	шекейін
сияқты	сиықты
дөңгелек	доңғалақ
түзеу	дүзеу
диірмен	тиірмен
жиырмасыншы	жиырманшы
рұқсат	ұлықсат

Диалектизмдер мен дөкір сөздерді диалогта қолдануға болар, ал автордың баяндауында қолдану тіл мәдениетіне кір келтіреді.

Диалектологияның міндеті- жергілікті тіл ерекшеліктерін тексеру. Қазақ диалектологиясы қазақ тіліндегі говорлар мен диалектілерді зерттейді. Диалект, говор деп халықтық я ұлттық тілдің өзіндік ерекшеліктері бар жергілікті тармақтарын, бөліктерін айтамыз.

Диалект деген термин тілде жалпы халықтық сипат алмаған, белгілі бер жерде ғана қолданылатын ерекшеліктердің жиынтығын, өзіне ғана тән тілдік ерекшеліктері бар жекелеген аймақ, территорияны білдіреді. Бұл мағынада диалект халық не ұлт тілінің құрамды бөлігі болып табылады.

Говор- жергілікті диалектілердің шағын аймақты қамтитын бөлігі. Мәселен, Қазақстан жағдайында диалект екі-үш облыс көлемінде жерді ғана қамтуы мүмкін. Оның қанша аймаққа таралуы говорлардың қалыптасу тарихына, ондағы нақты жағдайларға байланысты. Негізгі тілдік белгілері бірыңғай говорлар ғана диалект ұғымын тудырады. Бір диалектінің ішіне оның басқа диалектілерден айырмасын көрсететін негізгі ерекшеліктерін және өздеріне ғана тән неғұрлым ұсақ ерекшеліктерін сақтай отырып, бірнеше говор енуі мүмкін. Жергілікті ерекшеліктердің таралу шегіне қарай кейбір тілдерде говорлар *подговорға* бөлінеді. Негізгі диалектілік ерекшеліктері бірыңғай болып келген говорлардың жиынтығы *наречие* деп те айтылады.

Шынында да, диалект, говор, наречие деген терминдер бірінен-бірі сонша алыс кеткен ұғымдар емес. Бәріне де жергілікті тіл ерекшеліктері негіз болады.

Белгілі бір халыққа, бір ұлтқа жаппай түсінікті әдеби тіл нормасынан өзгеше ерекшеліктері болса ғана диалект бола алады. Әдеби тілдегі жалпыға белгілі сөз, яғни зат атауы диалектіде басқаша айтылуы мүмкін, мысалы, әдеби тілдегідей *зардабы, салдары* деудің орнына жергілікті жерде *зарпы, тегі, заты* деудің орнына *сойы, талаушы-шабаған, беймаза-бейана, кебек-буыз, үнемі-бойлай, әрең-шаққа, табалдырық-тебелдірік, есік ілгегі-тепкі, шұлғау-байтаба* болып айтылады.

Тіпті әдеби тілдегі кейбір сөздердің жергілікті халық тілінде әлденеше варианты кездеседі: *сіріңке-кеуірт, күкірт, шырпы, шағар, ши, оттық, шақпақ; шылапшын-ләген, жам, кірлен, шылаужын, тас; кесе-самал, пиялай, кәсе, тас аяқ, шын аяқ, ақпыр, ақпар, кардон, жанан*. Бұл сияқты лексикалық өзгешеліктер жеке сөздердің мағыналарында да кездеседі.

Әдеби тілде де, диалектіде де кейде сөздердің айтылуы бірдей болады да, мағыналары әртүрлі болады, мысалы, көрім деген сөз бір жерде жақсы деген мағынада, бір жерде жаман деген мағынада қолданылады. Сол сияқты там деген сөз *үй және мола* деген мағынада әр жерде әр түрлі ұғынылады. Тәте бір жерде *әке*, бір жерде *аға*, кейде *апа*, әпке мағынасында қолданылады. *Тәртіп-қаулы, бұрыштама, нұсқау, бұйрық* мағыналарында айтыла береді.

Әдеби тілде бар сөздің мағынасы әр жерде әр түрлі болуы мүмкін. Мысалы, елек, елгезер сөздерінің орнына шығыста қалбыр сөзін қолданады екен, ал «қалбыр» әдеби тілде ұн емес, бидай, арпа, тары сияқты дақылдарды елейтін елеуіш.

Кейбір сөздердің әдеби тілдегі орныққан мағынасы бірнешеу болса, қарапайым сөйлеу тілінде нормаға жатпайтын басқа да мағынада жұмсалуды ықтимал. Мысалы, «тіл» дегенді адамның сөйлеу құралы деп түсінсек, сөйлеу тілінде оны «сөз» дегеннің де орнына айтады.

2. *Профессионализм*: Жергілікті халықтардың кәсібіне, шаруашылығына байланысты сөздері болады. Мысалы, Каспий Арал, Балқаш өңіріндегі балықшылар тілінде былайғыларға түсініксіз сөздер көп. Сондай-ақ бау-бақша, мақта, күріш шаруашылықтарымен кәсіп ететін оңтүстік аудандарда сүдігер, көшет, әңгелек, масақ, собық, қарық, атыз тәрізді сөздер бар.

Мұндай кәсіби сөздердің әдеби тілде баламасы болмаса, оларды әдеби нормаға айналдырып әдеби тілдің байлығын арттыруға болады. Мысалы, дақыл, собық, атыз, қарық деген сөздер бұрын әдеби тілде қолданылмайтын, қазір бұлар жиі кездесетін болды.

Түрлі кәсіптегі еңбек ерлерін, олардың іс-әрекетін сөз еткенде, сол айналаның сөздерін айтпасқа болмайды. Мысалы С.Мұқанов «Сырдария» романында күріш егісімен байланысты көптеген сөздерді, Ә.Сәрсенбаев «Толқында туғанда» романында балықшылардың көп айта беретін үкі, шоланда, батаға, талка тәрізді, Ә.Көшімов аңшылар өмірінен жазған

повестінде аңшылыққа байланысты көптеген сөздерді енгізген. Олар бара-бара әдеби нормаға айналуы мүмкін.

3. *Дәрекі, былапыт және жаргон сөздер.* Бұлар – әдеби тілдің, жалпы тіл мәдениетінің ата жауы. Сондықтан олар әдеби тілдің лексикалық нормалары қатарынан орын алуы мүмкін емес

Қос сөздердің құрамы әдетте тұрақты болады. Соған қарамастан баспасөзде олардың сыйқын өзгертіп жазу кездеседі. Мысалы: «сөзбен қағып-шалу» (Ғ.Мұстафин). Дұрысы – сөзбен іліп-шалу : «үйлі-баранды» («С.Қ.»). Дұрысы – үйлі-жайлы : «Ұлан-ғайыр» (А.Шамкенов). Дұрысы – ұшан-теңіз не ұлан-байтақ : «шанда-бір шақта» (М.Әуезов). Дұрысы – оқта-текте, андасанда.

Лексикада бір ізділікті көбірек тілейтіндер – *терминдер*. Термин дегеніміз – өндірістің, ғылымның, техниканың, өнердің, мәдениеттің даму нәтижесінде пайда болған ұғымдарды білдіретін арнаулы сөздер.

Терминология қай салада болса да, тек жаңа ұғымның пайда болуымен байланысты дамып отырады. Мысалы, «жазушы», «суретші», мамандық, кәсіп болмай тұрғанда, ондай атау да болған жоқ. Кейін ондай жаңа ұғым пайда болған соң, жаз, сурет және т.б. сөздерге «шы», «ші» жұрнағын жалғау арқылы жаңа сөздер жасалды: жазушы, суретші т.б. Мұндай жаңа атаулар да баспасөз бетінде сыналып, мемлекеттік терминология комиссиясының ұйғаруымен әдеби тілдің нормасына айналып отырмақ.

Шешен сөзінде жүйе болмаса, онда ешқандай береке жоқ. Жүйелі сөз белгілі мазмұнға, өзара тығыз байланысты желіге құрылады. Бір ойды айтып, екінші ойға көшерде берік байланыс болмай, әр нәрсенің басын бір шалып айтқан сөзде де табан тірер тиянақ болмайды, ондайды тыңдау да қиын (М.Балақаев. Қазақ тілінің мәдениеті. А., «Қазақстан баспасы», 1971, 63 - 68 - бет)

Аз сөзбен айтуға болатын ойды керексіз көп сөздермен езгілеп, өзгенің уақытын алып отыратын, тыңдаушысын әбден ығырын шығаратын адамды қазақ «көкмылжың» дейді. М.Балақаев: «Мылжың, көкмылжындардың сөзін өзгелер еш уақытта зейін қойып тыңдамайды. Ондай жаман атаққа ілінбеу үшін, шешендік кәсібіңе кір келтірмеу үшін, артық сөздерді айтып лағып кетпе. Құраған сөйлемің ықшамды, ұғынуға оңай, қолданған сөздерің жұртқа таныс әрі мазмұнды болсын. Аз сөзбен көп нәрсе айтуға тырыс», - деп жазады.

Халық: «Көп сөз - көмір, аз сөз – алтын», - деп айтады.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Тіл мәдениетінің лексикалық нормасы дегеніміз не?
2. Лексикалық нормаға қандай сөздер жатпайды бар?
3. Диалектизмдер туралы түсінік ?
4. Әдеби тілдің өзгешелігі неде?

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. М. Балақаев. Қазақ тілінің мәдениеті. Алматы, 1991.
2. Н. Уәлиев. Сөз мәдениеті. Алматы, 1992.
3. З. Қабдолов. Сөз өнері. Алматы, 1994.
4. М. Балақаев, М. Серғалиев. Қазақ тілінің мәдениеті. Алматы. 1995

Жұрт алдында сөйлеу мәдениеті

Жоспары:

1. Жұрт алдында сөйлеу мәдениеті.
2. лекторлар мен үгітшілердің, баспа сөз бен радио-телевидениенің қызметі.
3. Жұрт алдында сөйлеу мәдениетіне қойылатын талаптар.
4. Лекторлар мен үгітшілердің сөйлеу мәдениеті.

Тірек түсінік: Жұрт алдында сөйлеу, әдеби тілде таза сөйлеуді, мәдениеттілікті талап етеді. Қойылатын талаптар сөзі анық, айқын, тартымды, жаңа, қызқа, тұжырымды, жүйелі болу керек.

Лекторлар қилы-қилы белім нұрын шашумен қатар, халықты тіл мәдениетіне де баулиды. Жұрт алдында сөйлеу өте жауапты, әрі қиын жұмыс. «Сөйлей-сөйлей шешен болған» кісілер де кейде үлкенді-кішілі аудиторияға келіп көпшілікке қарап ә деп тіл қатқанда, жүрегі алып-ұшып тұрады. Оның себебі, алдымен, айтайын деген ойымды қатесіз, дұрыс айта аламын ба, тыңдаушыларды менің сөзім қанағаттандыра ма? ... деген уайым қыстайды, оның үстіне аузына қадала қарап жаудыраған көп көздердің, әр сөзінді сынап қабылдайтын білімді, мәдениетті аудиторияның үнсіз сұсы сөйлеушіге әсер етпей қоймайды. Көп алдында сөйлеп ысылмаған кісілер ондайда асып-сасып, булығып, айтайын деген сөзінен жаңылысылып та қалады.

Мұндай сәтсіздікке ұшарамау үшін жұрт алдында өзің берік бол, ұстамды бол, қандай да бір қиыншылыққа душар болсаң да, сасқалақтамауға тырыс. Тыңдаушылар алдында өзін-өзі дұрыс ұстай алмаған кісінің сөзі де өтімді болмайды. Сондықтан трибунада ұстамды болу, қобалжымау, сасқалақтамау – сөйлеушілерге қойылатын басты талаптардың бірі.

Аудиторияда ұстамдылықтың қамы – ерте бастан жүргізілген дайындық. Дайындықсыз сөйлеген кісіде батылдық, өзіне сенім болмайды. Сөйлеуге алдын ала ұқыпты түрде дайындалған кісі, не айтатынын, қалай айтатынын, қандай тілдік амал-тәсілдерді пайдаланатынын әбден көңіліне тоқып алған кісі қысталаңның құлы болмайды, өзін-өзі жақсы ұстап, еркін сөйлейтін болады да, тыңдаушыларын бірден өзіне тарта, еліктіре алады.

Тыңдаушыларды еліктіре білу, олардың назарын сөйлеп тұрған сөзіне аудара алу – дикторға, баяндамашыға, үгітшіге жүктелген міндеттің нәтижелі болуының басты шарты. Кейбіреулер мінбеге шығып алады да, алды-артына карамай, төпеп сөйлей береді, ал алдындағы жұрт сөзін тыңдап отыр ма, жоқ па, онда жұмысы болмайды, тыңдамаса – қайғырмайды.

Елді аузына қарататын шешендердің толып жатқан басқа да қасиеттері болады. Соларынан үйренем деушілер мына қағидаларды ескеру керек:

1. Дүниеде тыңдаушыларының өзі жақсы білетінді өздеріне тәптіштеп айтып жатудан жаман нәрсе жоқ. Сенің өзгеге айтқаның кісіге белім беретіндей, кісінің жүрегін қозғайтындай нәрі болу керек. Нәрсіз, дәмсіз сөзді сөйлемеген жақсы. Нәрсіз сөз көбінесе өзі жақсы білмеген жайды баяндаудан анық байқалады. Ондайда кісі көп қателеседі. Дұрысында адам білмегендіктен қателеспейді, білгенсігендіктен қателеседі. Сөзінде қате

жібермеу үшін білгішсінбеу керек. «Айтылған сөз атылған оқпен тең». Оны қайтып ала алмайсың.

2. Өз сөзін қадірлейтін кісі тыңдаушысын да қадірлейді. Тыңдаушыларын қадір тұта сөйлеген адамның сөзі тартымды болады. Өзін өзгеден артық санап, дандайсып, мақтана сөйлеген жанның айтқаны далаға кетеді, отырғандар ондайды жөнді тындамайды, сөзіне күле қарайды. Мен білгенді тыңдаушыларым білмейді, олар надан дегендей пиғыл білдіріп, білгішсініп мақтана сөйлеу, дандайсу жұртты теріс қаратады.

3. Сөйлегенде, әрбір сөзің анық, дәл, айқын есітілетін болсын. Дауысың булығып шығып, бір сыдырғы әуенмен, жігерсіз, баяу сөйлейтін болсаң, айтқаның қаншама қызықты болғанмен, тыңдаушыларды тез жалықтырады, олардың көңілі басқа ауып кетеді. Сөйлеушінің әуенінен байсалдылық, сенім, табандылық, қайрат сезілетін болсын. Құр шінкілдеп, айқайлап кетудің де, ынжық, күңкіл дауыспен ақырын сөйлеудің де керегі жоқ. Дауысыңның жоғары-төмендігі аудиторияның үлкенді-кішілігімен, тыңдаушылардың аз-көптігімен өлшенуге тиіс. Тар үйдегі аз кісіге айқайлап, булығып сөйлесең, былайғылар «айдағаны бес ешкі, ысқырығы жер жарады» дегендей деп күледі. Кең бөлмедегі көп адамға өлімсіреп, күмілжіп сөйлесең, отырғандар ұйықтап кетіп, түс көруі де мүмкін. Сондықтан сөйлеген сөзім дәмді болсын деген лектор, үгітші, баяндамашы сөздерін дұрыстап айтуға ерекше көңіл бөлу керек.

4. Сөзің тартымды болсын десең, оған аздап болса да бетаузыңның, қолыңның қимылын қатыстыр. Бірақ, жөн-жорығы жоқ, қолыңды онды-солды сермей беру жарамайды. Кейбіреулер сөйлеп тұрып әрлі-берлі жүрегі, не аударылып-төңкеріліп, қолын қалтасына салып, танауын, желкесін қасып дамыл таппайды. Ондай тыштандаған жеңілтек адам тыңдаушыларын алаңдатып, көңілін басқа нәрсеге аударуға себепкер болады. Ең керегі – байсалдылық және байсалдылық.

5. Тыңдаушыларға көз қырын салмай, екі көзін қағаздан алмай сөйлейтін кісіні жұрт онша ұнатпайды, біреу жазып берген сөзді оқып, өзгелерді алдап тұрғандай көреді. Жазылған сөзге үңіліп, кейде қақалып-шашалып, жөтеліп оқып сөйлеген кісі мен тыңдаушылар арасында тығыз байланыс болмайды. Байланыс болмаған соң, айтылған сөз айдалаға атылған оқ сияқты болады. Жұрт алдында сөйлеуші бір нүктеге қадалып қатып қалмай, алдында отырғандардың жеке тобына, жеке кісілерге көз жіберіп, алдымда сен, сендер барсындар дегендей белгі тастау керек. Сонда тыңдаушы да саған қарайды, сөзіңе зейін қойып тыңдайды.

6. Айтайын деген ойынды әбден ығыр болған, үйреншікті сөздерден бастама. Онда сөзің тартымды болмайды, өзгелер ықыласпен тындамайды. Өз ойынды өз сөзіңмен әдеби тілге тән сөздермен, әсерлі, қызықты етіп жеткізуге тырыс. Сөз арасында мақал-мәтелді, кейбір өлең жолдарын, нақыл сөздер мен қанатты сөздерді келтіріп отырсаң, теріс болмайды.

7. Айтқан сөзің қысқа, әрі тұжырымды болсын. Аз сөзбен айтуға болатын ойды керексіз сөздермен мыжып өзгенің уақытын алып отыратын, тыңдаушысын әбден ығыр қылатын адамды қазақ «көкмылжың» дейді.

Мылжың, кңкмылжыңдардың сөзін өзгелер ешуақытта зейін қойып тыңдамайды. Ондай жаман атаққа ілінбеу үшін, мылжыңдар тобынан аулақ жүру үшін, артық сөз айтпауға тырыс. Құраған сөйлемің ықшамды, ұғынуға оңай, қолданған сөздерің жұртқа таныс, әрі мазмұнды болсын. Аз сөзбен көп нәрсе айтуға тырыс. Сөйлемде «сөздің орны тар болсын да, ойы кең болсын». «Көп сөз – көмір, аз сөз - алтын» (мақал).

8. «Жүйелі сөз жөнін табады». Лектордың, баяндамашының сөзінде жүйе болмаса, онда ешқандай береке болмайды. Жүйелі сөздің арқауы өзара тығыз байланысты желісі болады. Бір ойды айтып, екінші ойға көшерде берік байланыс болмай, әрдененің басын бір шалып айтқан сөзде де табан тірер тиянақ болмайды, ондайды тыңдау да қиын.

Жұрт сөзінді бағалап, өзіңді қадір тұтып тыңдау үшін ойынды белгілі логикалық байланыста, сөйлемдердің бірін-бірі тудырып тұрғандай ете сөйле. Сөйлем мен сөйлем арасында, сөйлеу мен сөйлеу арасында табиғи байланыс болмаса, тыңдаушы ондай сөзден бадар ала алмайды.

Бұлар – жұрт алдында сөйлеу шеберлігінің басты шарттары. Сол айтылғандарды қабылдаған лектор, үгітші, баяндамашы өз кәсібінің үлкен жауапты да қиын өнер екенін аңғаруға тиіс. Бұл шеберліктің мақсаты – тыңдаушыларға сөзбен әсер ету.

Көпшілік алдында жақсы сөйлеудің ең негізгі шарты – дайындық. Дайындалмай сөйлеген адам аңдамай сөйлейді. «Аңдамай сөйлеген – ауырмай өледі». Лекцияның мазмұны, формасы, құрылысы алдын ала жоспарланып, қағазға жазылып дайындалуға тиіс. Жазылғанды әдеби қалыпқа түсіру, редакциялау – лекцияның, баяндаманың тілін ширақ етудің, стилін шынықтырудың тек бастамасы ғана. Артынан ол жақтарын күннен-күнге жетілдіре беру керек. Баяндаманы, лекцияны бір рет жазып шығып, ілешала сөйлей беретіндер болады. Бұл – өте жауапты жұмысқа немқұрайды қарағандық. Ондай лекцияның жақсы болуы екі талай.

Әдетте алдымен лекцияның, баяндаманың *жоспары* жасалады. Жоспарда қамтылуға тиісті мәселелер ретімен тақырып күйінде жазылады. Одай кейін сол жоспар бойынша баяндаманың, лекцияның *тезисі* жасалады. Онда айтылуға тиісті жайлардың негізгі қағидалары, мазмұны тұжырымдалып жазылады. Мұнда өте-мөте маңызды, керекті жайттардың мысалдары, дәлелдері айтылғаны жөн.

Жұрт алдына шыққанда, онда жазылғанды сөзбе-сөз, қадалып, бас көтермей оқу шарт емес. Мұндайда әркімнің қабілеті қалай екеніне қарау керек. Өзі жазған баяндамасының мазмұнын, құрылысын, жазылған материалдарды ұмытпай жатқа айтатындай қабілеті бар адам оқта-текте жазғанына, керекті құралдарға қарап сөйлей береді, ал ұмытшақ кісі, жазғанды айтуға емес, оқуға үйренген кісі, әрине, баяндама текстіне тәуелді болады. Мүмкін болғанынша қағазға көп қарамай сөйлеген жақсы.

Мәдениетті адамның сөйлеу мәнері құлаққа жағымды болмақ. Ол ойын анық, дәл айтуға керекті сөздерден *қайтсем дұрыс* сөйлем құраймын деумен қатар, оны *қалай айтсам* өзгеге түсінікті, нанымды, әсерлі болады дегенді де ойлайды. Сөйтеді де әрбір ойын лайықты әуенмен, әрбір сөйлемді өзінің

сазымен сөйлейді. Кейде «әңгіме не айтылғанында емес, қалай айтылғанында» дейтін де кез болады. Ән сияқты дұрыс айтылған сөз де «құлақтан кіріп бойды алады». Қазақ халқы келістіріп сөйлей алатын кісіні «сөзі мірдің оғындай екен», «сөздің майын тамызып, кісінің айызын қандырып сөйлейді екен» деп дәріптейді. Ондай қабілеті жоқ адамды «ынжық, аузынан сөзі, қойнынан бөзі түсіп тұр» деп сынайды.

Сөйтіп, сөзді қалай болса, солай айта салмай, сөйлеу, сөйлем мазмұнына үйлесімді, ырғақ, екпін, әуен тауып, дауысты түрлендіріп сөйлеудің үлкен мәні бар. Сөйлеуде дауыс ырғағының құбылмалы қасиетін ескеріп, жазуда ол құбылыстарды тиісті тыныс белгілерімен таңбалаймыз. Мысалы, хабарлы сөйлемнен кейін нүкте, сұраулы сөйлемнен кейін сұрақ белгісі (?), бұйрықты, лепті сөйлемдерден кейін леп белгісі (!) қойылады: сөйлемдегі қаратпа, қыстырма, одағай сөздер, бірыңғай сөйлем мүшелері үтірмен бөлінеді. Неге өйтеміз?

Жазғанды басқалар дұрыс оқысын, дұрыс түсінсін деген мақсатпен тыныс белгілерін қойып жазамыз. Солай жазғанды оқығанда да, солай жазылуға тиісті сөйлемдерді ойдан шығарып айтқанда да, тыныс белгілерінің орнында түрлі-түрлі леп, әр алуан ырғақ болуға керек. Бірқатар дыбысталу, интонациялық ерекшелігі бар құбылыстарды тыныс белгілерімен таңбалауға болмайды. Мысалы, сөйлем ішіндегі бір сөзге ой екпінін түсіру үшін, оны басқа сөздерден гөрі басым әуенмен айтамыз. Мысалы, «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын» деген сөзді көтеріңкі дауыспен айтуға керек: **Мен** көрдім ..., мен **көрдім** ..., мен көрдім ұзын **қайың** ..., мен көрдім ұзын қайың **құлағанын**.

Шын мәдениеттілік – жайдарылықта, айтатын ойына сәйкес келетін, үн, әуен, ырғақ, екпін тауып сөйлей білуде. Сөйлеушінің сөйлеу дағдысы, дауысы тыңдаушыға жағымды болса, онда құлақ түрулі. Оның үстіне сөздің мазмұнды болса, ондай сөз бір құлақтан кіріп, екінші құлақтан шығып кетпейді, тыңдаушының қонып, жүрегіне ұялайды.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Жұрт алдында сөйлеу мәдениеті дегеніміз не?
2. Жұрт алдында сөйлеуге қойылатын талаптар?
3. Жұрт алдында сөйлеу шеберлігінің басты шарттары?
4. Жұрт алдында сөйлеуде қандай қағидаларды есте сақтау керек?

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.М. Балақаев. Қазақ тілінің мәдениеті. Алматы, 1991.
2. Н. Уәлиев. Сөз мәдениеті. Алматы, 1992.
- 3.З. Қабдолов. Сөз өнері. Алматы, 1994.
- 4.М. Балақаев, М. Серғалиев. Қазақ тілінің мәдениеті. Алматы. 1995
- 5.Кудратов Т.Нутқ маданияти асрслари.Тошкент-1993
- 6.Нутқ маданиятига оид масалалар.Тошкент 1973
- 7.Қайқауыс Қабуснама.Нөкис 1987

Сөзді бабына келтіріп сөйлеу, қолдану мәдениеті

Жоспары:

- 1.Сөзді бабына келтіріп сөйлеу, қолдану мәдениеті.
- 2.Ойды айтуда керекті сөздерді, грамматикалық тұлғаларды, сөйлем құрылысының түсінікті, дәл, айқын болуы.
3. Сөз қолданудың принциптері.Сөз және шеберлік.
- 4.Сөз қолдануда стильдік қателер.
5. Сөзді бабына келтіріп сөйлеу мәдениеті

Тірек түсінік: Сөз ойды білдірудің, сөйлем құраудың басты материалы. Ойды айтуға керекті сөзді, грамматикалық тұлғаларды, сөйлем құрылысын жалғағанда ой түсінікті дәл айқын болу керек.

Сөз – ойды білдірудің, сөйлем құраудың басты материалы. Құрылыс материалынсыз үй салуға болмайтыны сияқты, сөзсіз сөйлем құрауға болмайды. Сөйлем – адам ойын айтудың негізгі формасы. Сөйлемге катынасты әрбір сөз – айтайын деген мақсатты ойдың қажетті бөлшегі.

Сөйлемдер, жеке сөздер тыңдаушыға, оқушыға бірден түсінікті болу керек. «Нағыз кемеңгерлік ой әрдайым шынайы қарапайым түрінде айтылады». Жазуда, сөйлеуде ойына керекті сөз таңдағанда, олардың стильдік ерекшеліктерін ескеру керек. Мысалы, публицистикалық стиль мен ғылыми әдебиет стилінің сөздік құрамы бірдей емес: публицистикалық стильде жазылатын газет-журнал тілі жалпы халыққа арналатындықтан, оның сөздері де жалпыға бірдей түсінікті болуға тиіс, ал ғылыми әдебиет тілінде жалпыға ортақ сөздермен қатар, жеке мамандыққа тиісті, жұрттың бәрі бірдей түсіне бермейтін сөздер де қолданылады: солардың ішінде әсіресе жеке ұғымды білдіретін атаулар, термин сөздер көп болады.

Ел аузында сөз бар екен, оның мағынасы болады. Мағынасыз сөз болмайды. Тіпті екеуінің мағынасы бірдей деген синонимдердің ептеп болса да мағыналық айырмашылығы болады: мысалы «бет» пен «жүз» бір емес, «шейін» мен «дейтін» бір емес. Сонымен қатар сөздің бәрі, олардың жұмсалы аясы бірдей емес. Далада өсетін шөптің мал жейтіні бар, іске асатыны бар, аспайтыны бар. Сондай-ақ сөздің де асылы бар, жасығы бар. Тіпті «жасық» деп отырған дөрекі, ыбырсық, қоқырсық сөздер мен диалектизмдерді жазушы жағымсыз кейіпкердің аузына салса, ол жарасымды, орынды болуы мүмкін.

Сөз мәдениетіне жетік болу үшін қазақ тілінің сөз байлығын жақсы білу керек. Сөзді көп білген кісінің айтқаны да тартымды болмақ. Қазіргі қазақ тілінің сөз байлығы ұшан-теңіз, әсіресе мал шаруашылығына, әдет-ғұрыпқа, семьялық қарым-қатынасқа байланысты сөздер көп-ақ.

Қазақ тілінде сөйлейтін кісілердің сөздік қоры бірдей емес. :гітші, баяндамашы журналист, жазушы және басқа интеллигенттер қазақ тілінің сөздерін молынан пайдалануға тырысу керек. Әдетте, білімді, мәдениетті, тіл өнеріне әуестігі күшті кісілердің сөз байлығы да мол болады. Сөз білудің екі түрі бар: кісінің өзі жақсы біліп жиі қолданатын сөздері және өзі білсе де, мағынасын түсінсе де, көп пайдаланбайтын сөздері. Адамның білімі, мәдениеті артқан сайын, оның сөзді игеру мүмкіншілігі арта түседі. Әдетте ел

арасында көп болған, саяси, ғылыми әдебиетті, көркем әдебиетті зейін қойып көп оқитын кісілер сөзді көп біледі. Сөзді көп білуге де дарындылық, қабілет керек. Оқымыстылардың айтуына қарағанда, қатардағы интеллигенттің сөз байлығы 4-5 мың шамасында болса, ірі жазушылар мен көрнекті қоғам қайраткерлерінің жиі қолданатын сөздері 15-20 мыңдай болады.

Тіл мәдениетіне жетік болу үшін сөзді көп білу жеткіліксіз, ол сөздерді жұмсай білу де керек. Сөзді жұмсай білу үшін олардың мағыналарын, ерекшеліктерін, әдеби, әдеби еместік қасиетін, еркін және тұрақты тіркестер құрамына ену мүмкіншіліктерін жақсы білу керек.

Өткіздің жүзі, Білгенге маржан,
Кестенің бізі, Білмеске арзан,
Өрнегін сендей сала алмас Надандар бара ала алмас (Абай).

Сөз – көркем әдебиет тұрғысынан алғанда, жазушының, ақынның әсем шеберлігінің материалы, ол – көркем суреттің, образ жасаудың сырлы бояуы. Оны жазушы таңдап, талғап пайдаланбаса, әдебиеттің эстетикалық қасиеті, тәрбиелік әсері барынша солғын, көркемдік саласы төмен болады. Көркем әдебиеттің сөз байлығы мол, әр жақты және таңдамалы болса екен деген талаптар қойылады.

Көркем шығарма тілі – жалпыға ортақ халық тілі болумен қатар, эстетикалық сезімнің, образды ойдың да тілі, сондықтан оған ерекше талғам қажет-ақ. Бұл арада жалпыға бірдей өлшем табу да қиын. Әрбір суреткердің тілдегі сөз байлықтарын игере білу, оның ішкі дүниесіне бойлау дәрежесі түрліше болып келеді: біреу білмеген сөзді біреу біледі, бір сөзді әр ақын-жазушы өзінше «үндетуі», түрлі-түрлі мағыналық орайда қолдануы мүмкін. Демек, қандай да бір сөз шеберлері болмасын, олардың әрқайсысы сөз пернесін өздерінше басып, сөз дабылын өздерінше қағады.

Соның өзінде жазушы жалпы әдеби тіл нормаларынан жөнсіз ауытқып саяқ кетуге, әдебиет теориясы қағидаларын аяққа басуға тиісті емес. Жазушының әрбір сөйлемі мақсатты ойға сәйкес құралуға тиіс. Мақсатты ойды, оның үстіне, көрікті етіп жазу үшін керекті сөздерді дәл тауып қолдану жеткіліксіз, сонымен қатар, ол сөздердің қыбын тауып қиюластырып, грамматикалық ережелерге бағындырып, жалпы халыққа ортақ тілдің басқа да заңдылықтарын сақтап жазу керек болады.

Бұл талаптар жалпы әдеби тілге, соның ішінде көркем әдебиет тіліне де қойылады. Көркем әдебиет тілінің, сонымен қатар, өзіндік стильдері, өзіне тән ерекше сөз қолдану заңдары болады. Жазушы, ақын әдетте сөздердің табиғи мүмкіншіліктерін (тура мағынасын, көп мағыналылығын, синонимдік, антонимдік, т.б. қасиеттерін) кең түрде пайдаланумен қатар, сөздерді ауыспалы, келтірінді мағынада, қанатты сөздер, тұрақты тіркестер және мақал-мәтелдер құрамында пайдаланады.

Көркем әдебиетке тән әр алуан көріктеу, шеберлік тәсілдері болады. Сөз шебері соларды біліп, соларды өз творчествосының дүкенінде шындап пайдалануға тиіс. Олар: теңеу, эпитет, метафора, метонимия, кейіптеу (олицеворение), синекдоха, символ, аллегория, ирония, әсірелеу (гипербола) т.б.

Көркем әдебиет тілінің шеберлік сипатын білдіретін жоғарыда көрсетілген тілдік тәсілдерді екі топқа бөлуге болады: 1. *Бейнелеу* тәсілдері – өмірдің реалды шындығын: құбылысты кісінің көз алдына елеслететіндей етіп суреттеу; 2. *әсерлеу* тәсілдері, – оның үстіне, кісінің эмоциялық сезіміне әсер ететіндей етіп көріктеу, Абайдың –Ат, айғырлар, биелер

Бүйірі шығып ыңқылдап,
Суда тұрып шыбындап,
Құйрығымен шылпылдап,
Арасында құлын-тай

Айнала шауып бұлтылдап – дегені бейнелеуге жақсы мысал бола алады. Ал, Абайдың –Қараңғы түнде тау қалғып,

Ұйқыға кетер бәлдырап,
Даланы жым-жырт дел-сал қып
Түн басады салбырап –

деген жолдары әрі бейнелеуге, әрі әсерлеуге жатады. Мұнда қараңғы түндегі тауды жанды затқа теңеп қалғытып, ұйқтатып, жым-жырт даланы дел-сал етіп, түн қараңғысын салбыратып қою арқылы әсем образ өрнегі жасалған.

«Қалауын тапса, қар жанар» дегендей, кестелей білсе, өмірлік, кім болса сол айта беретін сөздерден де әсерлі сөз нақыштарын құруға, жай сөзден көрікті көркем сурет салуға болады. Оған бір мысал:

Сыр сандықты ашып қара,
Ашып қара, сырласым.
Сым пернені басып қара,
Басып қара, жырласың!
Сұлу сымды перне әуені,
Перне әуені жыр айтар,
Көңіл ашар тербеу әні,
Тербеу әні сыр айтар.
Шыққанбыз, дос, шыңға талай,
Талай сырды ойланып,
Ақтаралық алтын сарай
Алтын сарай қойманы (С.Сейфуллин).

Жүректі қозғайтын осы әсем жолдарда сөйлеу тілінен ерекше жаратылған сөз жоқ, ондағы сөздің бәрі де - халық тіліне тән сыр, сандық, аш, қара, сым, перне, сұлу, жыр, айтар . . . дегендей жалпыға ортақ сөздер.

Сөз көркемдігінің бір нысанасы – айқындылық. Жазушы айтпақ ойын дәл, анық бере алмаса, не сөздерін оқушыларының ұғымына, тез түсінуіне лайық құрамай, өзінше сірестіріп қоятын болса, ондай жазушының шығармасы көп өмір сүре алмайды. Айқындықтың белгісі – әр сөзді өз орнына қолдануда.

Сөздер мақсатты ойға лайық дөп түспесе, өз орнын тауып дұрыс тіркеспесе, ой түсініксіз болады, сөйлем қолбырап көріксіз болып тұрады. Шеберліктің бір амалы – аз сөзбен көп мағына білдіру. Мұндағы принцип – «сөзге орын тар болсын да, ойың кең болсын». Бұл принципті

сақтау үшін сөйлемде бірде-бір шашау шыққан сөз, дұрыс тіркеспей оғаштау құралған сөйлем болмау керек.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Сөзді бабына келтіріп сөйлеу дегеніміз не?
2. Сөз қолдануда қойылатын талапта талаптар?
3. Сөйлеу тәсілдері дегеніміз не?
4. Әдеби тілде таза сөйлеу ?

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.М. Балақаев. Қазақ тілінің мәдениеті. Алматы, 1991.
2. Н. Уәлиев. Сөз мәдениеті. Алматы, 1992.
- 3.З. Қабдолов. Сөз өнері. Алматы, 1994.
- 4.М. Балақаев, М. Серғалиев. Қазақ тілінің мәдениеті. Алматы. 1995
- 5.Кудратов Т.Нутқ маданияти асрслари.Тошкент-1993
- 6.Нутқ маданиятига оид масалалар.Тошкент 1973
- 7.Қайқауыс Қабуснама .Нөкис 1987

Тіл мәдениетінің негізгі сапалары.

Жоспар:

- 1.Тіл мәдениетінің негізгі сапалары.
- 2.Сөз тазалығы, логикалылығы.
- 3.Сөз айқындылығы, көрнекілігі.
4. Сөз ізбе-ізділігі, тәсіршендігі.

Тірек түсінік: Тіл мәдениеті жайлы. Тіл мәдениетіне жауап беретін талаптар. Тіл мәдениетінің негізгі белгілері. Тіл мәдениетінің белгілері мен сапалары.

Тіл мәдениетінің басты мәселесі – тілдік құралдардың көмегімен қарым-қатынас жасау барысында адамға ықпал ету. Әрине, мұндайда тілдің эстетикалық, әдемілік жағынан әсер етуі басты назарға алынады. Демек, әркімнің жүріс-тұрысында, жалпы болмысында мәдениетті болуының қажеттігі сияқты, сөйлеу, жазу үстінде де адамның, әр сөзді, сөз тіркесі мен сөйлемді тиісті мағынасына ғана емес, соған қоса, тартымды, әсерлі қолдана білуі кең мағынадағы рухани мәдениеттіліктің бір саласы ретінде қаралуға тиіс.

Тіл мәдениетінің ерекшелігін айқындайтын негізгі белгілер мен сапалар болады. Олардың бастылары мыналар: дұрыстық, дәлдік, логикалық, тазалық, мәнерлілік, сөздің байлығы және қисындылық.

Орыс тіліндегі материал бойынша болсын, қазақ тілінің материалында болсын, тіл мәдениетінің сапалары туралы сөз болып та жүр.

1. Сөздің дәлдігі. Сөздің дәлдігі немесе айқындығы дегеніміз–сөздің реальды шындықтығы заттар мен құбылыстардың атауларына барынша дәлме-дәл келуі. Сөздің дәлдігі, бір қарағанда, сөздің дұрыстығына ұқсас көрінеді. Дегенмен, олардың арасындағы айырмашылықты білудің елеулі мәні бар. Айталық, бір адам екіншісінің қал-жағдайын сұрағанда, «жаман емес» деген жауап алуы әбден мүмкін. Бұл жауап – сөз дұрыстығы тұрғысынан талапқа сай келеді, өйткені олар - әдеби тіл нормасына сәйкес айтылып тұр және дағдыда оны айтуға үйреніп қалғанбыз. Демек, жауап берушінің халінің жағымды екеніне көзіміз жетеді.

Ал, сөздің нақтылығы талабынан келетін болсақ, бұл жауап қанағаттандырмайды, өйткені сол (жаман емес) – тің мағынасы көп: оған «орташа», «жақсы», тіпті «өте жақсы» деген ұғымдар да сыяды. Объективті баға беру ыңғайында әлгі «жаман емес» -тің не орташа, не жақсы, не өте жақсы екендіктерінің біреуін дәлелдесек, сөйлеу мәдениетіндегі дәлдікті, айқындықты пайдаланғанымыз болып шығады.

Әлбетте, тұрмыста, көпшілік алдында сөйлеуде, ресми құжатта орын алатын сөз қолданудағы дәлдік пен көркем әдебиеттегі дәлдікті қатар қоюға бола бермейді. Әрине, бұл ретте де сөз шеберлері жалпы халық тілінде бар

сөздерді орнымен жұмсайды. Дегенмен, көркем шығарманың эстетикалық қуатын, бейнеліліктің дағдылы дәлдіктен біршама өзгешелігі барын ескермеске болмайды. Мәселен, Абайдың «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат. Екі түрлі нәрсе ғой сыр мен сымбат» деген өлең жолдарын сауатты қазақтардың бәрі біледі деуге болар. Осындағы сыр мен сымбат сөздерінің дәл орнында пайдаланылып тұрғанына ешкім күмәнданбайды. Демек, сөзді нақтылы қолдану дегеніміз, сайып келгенде, синонимдік қатардың ішіндегі автор ойын дәл бере алатын сөзді таңдау болып табылады. Сонда ұлы ақынның айтқалы отырғаны адамның ішкі дүниесі мен сыртқы бітімі жайында екенін ескерсек, сырға да, сымбатқа да синоним болатын сөздер жеткілікті. Ал, ол сөздерді данышпан ойшыл білмеді деуге ешкімнің аузы бармайды. Солардың ішінен осы екі сөзді таңдауы ойға шақ, есте сақтауға өте қолайлы болып отыр ғой.

Қараңғы қазақ көгіне

Өрмелеп шығып, кім болам!

Қараңғылықтың кегіне

Күн болмағанда, кім болам? - дейді «Шәкірт ойы» деген өлеңінде С.Торайғыров. Тәбиғат заңы бойынша адамның күн болуы – мүмкін емес нәрсе, бірақ ақынның қиялы, сөздің ауыспалы мағынасын – бүкіл әлемге жылуы мен жарығын аямай төгіп тұрған планетадай жақсылық жасайтын арманын орындауды алдына мақсат етіп қойған, лирикалық кейіпкердің сөзіндегі күн сөзі дұрыстығы жағынан да, дәлдігі жағынан да орайын тауып жұмсалып отыр. Көркем әдебиет шығармаларына автордың шеберлігі мен дүниеге көрқарас көкжиегінің өрісіне байланысты, бір қарағанда, сенімсіз көрінетін жайлардың өзі шындыққа айналады. Демек, сөзді айқын қолдануы арқылы оқырманын тартып отырады.

Сөздің дәлдігі кей реттерде халықтың, ұлттың қалыптасқан дағдысынан да шығып жатады. Тек атаулар мен қимыл - әрекетке байланысты ғана емес, сын, белгіні білдіруде де нақтылықтың мысалдарын қазақ сөздерінен табуға болады. Мәселен, қызыл сиыр деген ұғым бар, бірақ осы түстес биені жирен бие дейді; сол сияқты, қоңыр сиыр дегенге ешкім таңданбас еді, ал осы жылқыға қатысты болғанда торы сөзі айтылады, екеуі де ақ түстес болса, сиырға (қойға, түйеге т.б.) қатысты сол сын есім сақталады да, жылқыға келгенде, мәселен, көк бие дейді.

Сөз мағынасындағы осындай айқындықты, нақтылықты сақтаудың маңызы, әсіресе, ғылыми-зерттеу жұмыстарында, көпшілік алдында сөйлегенде зор маңызға ие болады, тыңдармандардың назарын аударуда барынша арта түседі. Ал логикалылық деп ойдың қайшылыққа ұрынбауын айтамыз.

2. Сөздің логикалылығы. Сөздің логикалылығының сақталмауына көптеген себептер болады. Былайша айтқанда, жекелеген сөзге немесе сөз тіркесіне логикалық екпіннің түсіре айтылуы – сол себептердің бірі ғана. Логикалылықтың сақталмауы көп жағдайда синтаксистік құрылымға да

байланысты болып келеді. Сөйлем ішінде есімдіктердің орнымен қолданылмауы ойдың түсініксіздігін туғызады: Көп адам соңғы жылдары кітап дүкендерінен қажетті кітаптарын таба алмай жүреді. Олардың қажеттігін сауда орындары тиісті есепке ала бермейтін сияқты (газеттен). Бір қарағанда, түсінуге қиындық келтіреті рас: кітап дүкендерінің қажеттігін бе, әлде кітаптардың қажеттігін бе – қайсысын есепке алу керектігін күңгірттеу сезіледі.

Ойды жүйелі баяндауда абзацтың атқаратын қызметін ескермеуге болмайды. Сөйлемдердің абзацтарға бөлінуі жазушыға да, оқырманға да тиімді: ойдың нақтылығы да, логикалылығы да, соларға байланысты жүйелілік те сақталады, сөйтіп, жазғанда да, ой тиянақты, шымыр болады да, оқығанда да, жеңіл келіп, қабылдауға оңай болады. Олай болмағанда, соншалықты үлкен қателік орын алмаса да, ойды бірден түсінуге қиындық келтіретіні білініп тұрады. Әдетте, фразеологиялық единицаларды сыртқы тұлғасына қарай тұрақты сөз тіркестеріне сәйкес келетін ФЕ, сөйлемге сәйкес келетін ФЕ деп те екі топқа бөледі. Тұрақты сөз тіркестеріне сәйкес келетін фразеологиялық единицалардың (бірліктердің) семантикалық тұтастығы басым болып келеді. Олар, бір жағынан, жеке сөзге балама болып келсе, екінші жағынан, еркін сөз тіркесіне ұқсас болып келеді. Тілде атқаратын қызметіне қарай ФЕ-лер номинативті функциясына қарай топтағанда, олар жеке сөздің, ұғымның баламасы ретінде қарастырылады (ғылыми мақаладан).

«Манадан бергі шашыранды түрде айтылып жатқан пікірлерімді жинап көрсем, «Абай» романы туралы мына пікірдемін:

«Абай» романы бүгінгі қазақ совет (кеңес) әдебиетінің жаңа белі: бұл – «роман» деген үлкен ұсынысқа толық жауап беретін қазақ әдебиетіндегі бірінші роман: «Абай» шын мағынасындағы европалық озық әдебиеттердің піскен, сыналған үлгісімен жазылған.

«Абай» тарихи-қоғамдық тартыстарға құрылған, шын мағынасындағы қазақ халқының бір дәуірдегі шын өмірін, елдігін түгел көрсете алатын роман. Ел өмірін көрсетем деген еңбектер, қай дәуірді алса да, осындай нәзік сезіммен жазылатын болсын.

Қазақтың әр жазушысы «Абай» арқылы әдебиетіміз жаңа бір сатыға көтерілгенін ескеріп, қолына қалам алғанда, сол сатыға көтерілуді, сол саты арқылы одан да жоғары көтерілуді арман етсе екен деймін!» (Мұхтар Әуезов тағлымы ..., 23-бет).

Тегінде, ой мен сөздің логикалылығының сақталуы функциональдық стильдердің барлығында да керек, тіпті ауызекі сөйлеу тілінде қай мәселеге мән бере айтудың, демек, әңгімелесіші адаммен түсінікті түрде қарым-қатынас жасау да тіл мәдениетіне қойылатын талапты орындау болып табылады. Бұл, екінші жағынан, сөйлеушінің мәдениеттілігін де танытады.

3. Сөздің тазалығы. Сөздің тазалығы дегеніміз – сөйлеушінің немесе жазушының әдеби тіл нормасын сақтаумен бірге, ана тілінің мүмкіндігін пайдалана білу.

Тіл тазалығының да тілдің дұрыстығына ұқсас жерлері кездеседі. Тіл мәдениетінің ең басты коммуникативтік сапаларының бірі болғандықтан,

сөздің тазалығына ерекше мән беріледі. Дәлірек айтқанда, сөзді қолданғанда, баламасы бар сөздердің әдеби тілге қатысты бірден-бір ұғынықты ана тілінің тазалығын танытатын сөзді тандай білу керек. Былайша айтқанда, тілді шұбарлауға бармаған жөн. Ал, тілдің тазалығын бұзатын, оған нұқсан келтіретін факторлар аз емес. Оларға, мәселен, ана тіліндегі баламасы бола тұра, басқа тілдерден енген сөздерді қалай болса солай жұмсау (варваризмдер), жергілікті мәні бар сөздерді (диалектизмдер) талғамсыз қолдану, мамандыққа байланысты шағын ортада кездесетін сөздер (профессионализмдер), сондай-ақ құрбы-құрдастардың, әзіл-қалжыңы аралас адамдардың арасында сөзге кірістірілетін тілдік құралдар (жаргонизмдер) сияқты жайлар жатады.

Әрине, бұл аталғандар мүлдем қолданыстан шығып қалуға тиіс деген жансақ ұғым тумасқа керек. Әңгіме олардың жөнсіз пайдаланыла бермеуінде болып отыр. Ал, көркем шығармадағы кейіпкер сөздерінде, тиісті ортаға байланысты олардың жұмсалыу реттері болатынын теріске шығармаған жөн.

Тіл тазалығына кедергі келтіретін ілгеріде айтылған жайлардың бірі – варваризмдер. Қазақ тілінің қазіргі қолданылу жағдайында басқа шет ел тілдерінен тілімізді шұбарлап жатқан құбылысты байқау қиын. Айталық, өткен ғасырларда орыс тілін француз тілі шұбарлағаны белгілі. Біздегі кемшіліктердің біріне кейбір қазақ қыздары мен жігіттерінің орыс сөздерін оңды-солды жұмсай беретіндігін жатқызуға болар еді. Бұдан, қазіргі, әсіресе, соңғы жылдары мерзімді немесе кәсіби баспасөздерде жиі айтылып жүргеніндей, орыс тілін жат тіл немесе зиянды тіл деп атауға негіз жоқ.

Ондаған жыл орыс тілі арқылы әлемдік тарихпен, мәдениеттің үлгілілерімен танысқанымыз белгілі. Ол тіл арқылы басқа ұлт өкілдерімен түсінісіп, сөйлесеміз. Соның нәтижесінде талай табыстарға қол жетті. Әрине, орыс тілінің ана тілімізді ығыстырып, қиын жағдайлар жасағаны да жалпы жұртшылыққа жақсы мәлім. Қалай дегенмен де, өз тіліңнен басқа тілді де білу кімнің де болса ой-өрісін кеңітіп, рухани баюына мүмкіндік береді десек, ол қағиданың орыс тіліне де қатысы барын ескеруіміз керек. Демек, тиісті көркем, ғылыми әдебиетті пайдалану мақсатында, тіл арқылы қарым-қатынас жасау барысында бұл тілді игерудің тек маңызы бар. Алайда, осы тілді пайдалану жағдайында ескерерлік жайлар да байқалады. Оның аты – орыс сөздерін орнымен қолдану, жөн-жосықсыз әңгімеге араластыра бермеу деген сөз. Соған қарамастан, кейбір азаматтар варваризмге ұрынады, демек, қазақ тіліндегі баламасы белгілі бола тұра, орыс сөзін қолдану ол тілді де, ана тілін де сыйлау деп есептелмесе керек. Айталық, студент өміріне қатысты емтихан қашан болар екен? Сынақ тапсырдың ба? Сабақ кестесі ілініп пе екен? Тәрізді сөз оралымдарын экзамен (егзам) қашан болар екен? зачет (зашот) тапсырдың ба? Сабақ расписаниесі ілініп пе екен немесе сабақ расписаниясы ілініп пе екен түрінде жиі айтылады. Мұны, бір қарағанда, ауызекі сөйлеудегі алақұлалық деуге де болар. Шын мәнінде тіл мәдениеті үшін жүргізілетін күресті ауызша сөйлеу кезінде де естен шығармаған дұрыс болар еді.

Таза ана тілін шұбарлайтын екінші фактор – жергілікті тіл ерекшеліктері. Шындыққа келгенде, диалектизмдер де ана тілінің байлығын, кең тынысын, зор ауқымын танытады.

Тіліміздің байлығының көрінісі бола тұра, диалектизмдердің қолданылуында белгілі заңдылықтың сақталғаны дұрыс. Атап айтқанда, жергілікті ерекшелігі бар сөздерді бірден әдеби тіл ретінде қолданудың біршама қиындығы бар, себебі тыңдарманға немесе оқырманға бірден түсінікті бола бермейді. Тіпті әңгіме диалектизмнің түсінікті немесе түсініксіздігінде ғана емес, дағдыдағы қолданыста болмаған соң, тіл шұбарлаушылық көзге ұрып тұрады.

Тіл мәдениетіне біршама нұқсан келтіретін тағы бір жай ілгеріде айтылғандай, жаргонизмдер. Жаргонизмдер жолдас-жораның, қатар-құрбының арасында немесе үлкен-кіші болса да, әзілдері жарасқан адамдардың бір-бірімен тіл қатысқанда айтатын қалжың-оспақ сөздері болып табылады. Бір-бірін түсінетін мұндай адамдар ондай сырт көзге байқалатын оспадар, дөрекі сөздерге мән бере қоймауы мүмкін, бірақ ондай сөздерді қалың қауымға, көпшілік ортасына арнап айтудың қисыны жоқ. Демек, жаргонизмдер шағын ортада пайдаланылады, сондықтан да оларды көпшілік орындарда қолданудың әдепсіздігі өзінен-өзі белгілі болып отырады. Тегінде, әзіл-қалжыңда да сөзді мәдениетті түрде қолдана білудің өзі де мәдениетті болып табылады. Қазақта «Әзілің келіссе, атаңмен ойна» деген ұлағатты нақыл бар. Ендеше, көңіл-күйдің көтеріңкілігін пайдаланып немесе сөйлесіп отырған адамның сөз мағынасын, мазмұнын ұға білу қабілетіне байланысты қалжыңға орын беруді ешкім де теріске шығара қоймас. Сол ретте сөздің әдептілігінің сақталғаны жөн.

4. Сөздің мәнерлілігі. Мәнерлілік сөздің эмоциональдық және экспрессивтік қасиеттеріне, екінші сөзбен айтқанда, сөздің стилистикалық бояуына тікелей байланысты.

Сөздің мәнерлілігі дегеніміз – сөйлеушінің немесе жазушының тыңдарманын немесе оқырманын қызықтыра білуі, сөзін ұғындыра алу қабілеті.

Мұндай жағымды қасиет көпшілік алдында лекция оқытын оқытушылардың, баяндамашылардың, жазушының, қоғам қайраткерлерінің сөздерінде, баспасөз беттеріндегі материалдарда міндетті түрде болуы керек. Сөздің мәнерлілік қасиетін бойына сіндіре білген адам шешендік өнердің өкілі деп саналуға лайық. Таптауран болған, баршаға талайдан таныс сөз оралымдарын орынсыз қайталап, мезі етпей, сөйлеуші немесе жазушы әр сөздің жаңа қырын, соңы тіркесті таба білсе, мақсатына жетері анық. Классиктер мен көрнекті жазушылардың шығармаларын оқығанда, эстетикалық ләззет алуымыздың бір себебі сөз мәнерлілігін авторлардың қисынды пайдаланылуында жатыр.

Проф. Б.Головин сөздің мәнерлілігінің бірнеше шартын сенімді дәлелдеп көрсетеді. Осы шарттар орындалғанда, ойды барынша шешен жеткізудің мүмкіндігі туады. Ол шарттар мыналар: ойлаудың, сөйлеушінің сана қызметінің дербестігі; не туралы айтылып тұрғанына және ол сөздің

кімге бағыттталып, арналып тұрғанына назар аудару; сөздің мәнерлілік құралдарын жақсы білу; тілдегі функциональдық стильдерді бір-бірінен айқын ажырата білу, тілдік дағдыларды қолдануда тәжірибе жасап отыру, жаттығу ісі; мәнерлілікті сақтау үшін психологиялық қажетті жағдайларды жасау; сөйлеушінің не жазушының өзінің мәнерлілікті қамтамасыз ететін құралдарды игере білуі де, осы шарттардың барлығы бір жерден шығып, біріккенде ғана, сөздің мәнерлілігінің күш-қауаты, қолданылуының қолайлылығына көз жеткізуге болады.

Тілдегі мәнерлілікті сақтау үшін функциональдық стильдердің ерекшеліктерін есте ұстау өте қажет, өйткені әр стильде мәнерлілікті тудырудың тәсілдері әр түрлі. Ондай аражікті айыра алмаған жағдайда бір стильдегі мәнерлілік тудыру тәсілдерін екінші стильдегі мұндай тәсілдермен шатастырып алу қаупі туады да, сөйлеушінің салқын қанды сөзі күлкіге айналып кетуі де мүмкін.

Шынайы сөз шеберлері әлдебір оқиғаны тыңдаушысына немесе оқырманына жеткізуде ғана емес, табиғат көрінісі оқырманның көз алдына анық жайып салғандай, сурет салуға бейімдегендей етіп бейнелейді. Осы ретте М.Әуезовтің «Қорғансыздың күні» әңгімесінен үзінді оқиық:

«Қаңтар айының аяқ кезі. Күн батуға тақап қалған мезгіл Күнбатыс батуға айналған күннің қызғылт сәулесімен нұрланып қызыл торғынның түсіндей болып тұр. Күнге жақын тұрған ұзынша жұқалаң бұлттардың түсі қалың өртке қызған темірдей қып-қызыл. Төбеге жақын тұрған аласарақ бұлттардың бір жағы ғана жұқалаң қызылға асыл нұрдың буын ғана жалатқандай. Қызғылт сәулесін дүниеге жайып тұрған күн шарасымен тұтас көрініп тұр. Аспан ашық. Берірек тұрған аз ғана шұбар бұлттар кең жаһанның жүзіне перде болған жоқ. Күні бойы тыныш болған жел Күшікпайдың бауырында ғана ызғырықтап, жаңадан жауған көбік қарды жаяу борасындатып тұр. Күннің қызыл сәулесі даланы да, тауды да өз өңіне кіргізген. Күнбатыс жақтан бораған ұсақ қар да күн астында қызғылттанып көрінеді».

Осы көріністі әдеттегі ауызекі сөйлеу түріндегі сөз қолданыспен жеткізсек, бірер сөйлем ғана болар еді және оның тыңдарманды баурап аларлық қасиеті болмас та еді. Ондай қасиет болған күнде де ол көріністің суреті сөзге шешен адамның шеберлігі арқасында және эмоциональдық сөздердің араласуымен жүзеге асары анық. Ал мына мәтіндегі қас шебердің, ұлы суреткердің таңғажайып шығармашылығының сыры да осында: табиғаттың сан қайталанып жататын бір көрінісін ешбір субъективтік сезімге берілмей, қаз-қалпында сөзбен сурет салу арқылы оқырманын тамсандырып отыр.

5.Сөздің байлығы. Сөздің байлығы дегеніміз - әркімнің өз ана тілінің бар мүмкіндіктерін еркін пайдалана білуі.

Сөздің байлығы туралы сөз болғанда екі жайды ескеру қажет болады: біріншіден, қай – қайсысымыздың да ана тіліміздің байлығын игеріп, пайдалана білуіміздің маңыздылығы; екіншіден, сол байлықты игере отырып, өз тарапыңнан ана тілінің баюына үлес қосудың қажеттігі туралы мәселе.

Біріншісі – қиын да болса, сол тілді білетін, ана тілім деп есептейтін барша азаматтың борышы мен парызы. Ал, екіншісін екінің бірінен талап ету мүмкін емес, өйткені ол дарындар мен таланттардың ғана қолынан келетін іс.

Тілдің байлығын жақсы игермей тұрып, оның даму барысына назар аудармай, тіл мәдениеті үшін күресу немесе тіл мәдениетін сақтау өте қиын. Кең көлемде алу керек болса, тіл байлығы ұғымы ілгеріде айтылған тіл мәдениеті сапаларының барлығына да тікелей қатысты. Адамның тіл арқылы қарым-қатынас жасау барысында сөз байлығы неғұрлым мол болса, ол солғұрлым ойын еркін, қиналмай және әсерлі жеткізе алады, тыңдарманын да, оқырманын да тарта біледі. Жай ғана оқытып, тыңдатып қоймайды, сөзін еріксіз тыңдауға, жазғанын бас алмай оқуға әдеттендіріп, «бұғаулап» тастайды.

Тілдің байлығы бәрінен бұрын лексикадан, семантикадан көрінетіні белгілі, яғни сөздік қоры бай адамның сөйлеуі мен жазуынан да тіл байлығының байқалып отыратындығы белгілі. Екінші жағынан, сол лексикалық единицаларды қолдана білу де тілдің байлығын танытады, сондықтан да сөздің байлығын кейде сөздің әр түрлілігі (сан алуандығы) деп атаушылық та бар. Оның мәнісі қандай жеке сөзді алсақ та, оның дара тұрғандағы мағынасы болады да, оның басқа сөзбен тіркесте жаңа қырынан ақтарылатын мағынасы да кездесіп отырады. Бұл, әрине, сөз қолданушының шеберлік дәрежесіне байланысты. Біреулердің жай ғана әңгімесін тұщынып тыңдайтынымыздың, енді біреулердің, мезі қылатынының сыры осында болса керек. Демек, бұдан кімнің де болса сөздік қорындағы тілдік құралдар қаншалықты мол болғанымен, оның орнымен жұмсалыуына да баса көңіл бөле білу керек деген ой туындайды.

Зерттеушілердің дәлелдеуіне қарағанда, ұлы ақынымыз әрі ойшылымыз Абайдың шығармаларында 6293 сөз кездеседі екен. Ал, 46596 сөз қолданыс кездеседі екен. Соның өзінде (негізгі лексикалық единицалардың қолданылу санына қарағанда, 3 есе болғанына қарамастан) сөз қолданыстың барынша саналы екенін аңғару қиын емес, дәлірек айтқанда, данышпан ақынның кез келген сөзді қалай болса солай жұмсай бермегені аңғарылады. Айталық, ең жиі қолданылған айт (107 рет), ақыл (188 рет), ал (600 рет), ат (133 рет), бай (94 рет), бала (191 рет), бәрі (192 рет), бер (338 рет), бой (120 рет), бол (1239 рет), бұл (334 рет), біз (123 рет), бір (575 рет) тәрізді санаулы сөздердің (ал бұл сөздерді бірнеше рет қайталап қолданбау мүмкін емес) жиі қолданысқа түскені болмаса, көп жағдайда сөздер санаулы ғана қайталанған.

Егер Абай өмір сүрген дәуірді ескерсек және ол кезде қазақ әдеби тілінің қалыптаса қоймағанын ой елегінен өткізсек, ұлы ақынның маңдайына ұлттық тіліміздің тазалығын сақтау, басқа тілдермен шұбарланған әрекеттерден тазартып, әдеби тілдің негізін салу бақыты тигенін атап өтпеске болмайды.

Абай қазақ тілінің лексикасын байытып, тазартып қана қойған жоқ, сонымен бірге, сөздердің тіркесімі, сөйлем құрау тұрғысынан, демек, қазақ синтаксисінің құрылымы жағынан да байытты. Бір ғана жүрек сөзімен жасалған талай тіркестердің өзі ғана осыған мысал бола алады. Жалпы

азаматтық әуендегі өлеңдерімен бірге, сатиралық шығармаларында да сөз қолданудың өнегесін көрсетіп кетті.

6. Сөздің қисындылығы. Сөздің қисындылығы деп жеке сөздің, сөз тіркесінің грамматикалық тұлғалардың өз орнында қолданылуын айтады.

Сөздің қисындылығын функциональдық стильдерден бөлек қарауға болмайды. Әсіресе, функциональдық стильдерде сөздердің қалай жұмсалыу керектігі білініп тұрады. Мәселен, ауызекі сөйлеуде ресми стильдегі сияқты стандарт тілмен қарым-қатынас жасау күлкі туғызар еді. Сатиралық немесе юморлық мақсатта олай етудің де керектігі болар, бірақ тура мағынасындағы сөздің пайдаланылу табиғатына қарағанда, әр стильдің өзіне лайық синтаксистік құрылымның болғаны жөн. Сондай-ақ, іс қағаздарын толтыру кезінде көркем әдебиет тіліндегідей сөздің стилистикалық бояу қолданудың еш қисыны болмайды.

Сөздің қисындылығы көп жағдайда әңгіме мазмұнының кімге, қандай аудиторияға арналғанына да тікелей байланысты болып келеді. Айталық, бір лекцияның студенттерге арналған ғылыми пән бойынша оқылыуы мүмкін. Мұндағы қолданатын сөздерді, әлбетте, балабақша тәрбиеленушілерге лайықсыз екені өзінен-өзі түсінікті. Енді бір баяндама ғылыми жұмыстың жылдық есебі туралы болса, оны жұмысшылар арасында жасау да ақылға қонымсыз болар еді.

Көркем шығармада, әсіресе, поэзияда, бір қарағанда, қисынсыздау көрінетін сөздердің автордың шеберлігіне байланысты орайлы орнын таба кететін тұстары көп. Бұл, әрине, ондай туындылардың эстетикалық-эмоциональдық қасиетінен танылып жатары түсінікті:

Сағыныштай сарғайып сары қайың,
Жапырақтар шертеді сары уайым.
Кернейлетіп, сыңсытып, жет, тырналар,
Ұзатқалы барады сәуір айын.
Енесінен құлыңдар жеріген бе?!
Арылыпты бал сусын желіден де.
Қиқулаған тырнаның қанатында,
Жаз ілесіп барады керуенге.
Жұқа шапан жамылған боз даланы,
Әлдилейді тырнаның созған әні.
Қалбалақтап қаңбақтар қарбаласта
Бағытына бас ауған қозғалады.
Балауса жоқ, балғын жоқ тербетуге,
Тербеледі қияқтар жел мен түңде.
Қызылкүрең қоржынын толтырып ап
Хабаршы күз жортып жүр жер бетінде.(М.Мақатаев)

Қайыңның сарғаюының сағыныштай болуы да, жапырақтардың сары уайым шертуі де, тырнаның қанатына жаздың ілесіп бара жатқаны да; боз даланың жұқа шапан жамылуы да, сол даланы тырна әнінің әлдилеуі де, қаңбақтардың қалбалақтауы да, күздің қоржынын толтырып алуы да – осылардың бәрі де поэзия тіліне тән әрі жарасымды, ал осы тіркестерді

ауызекі сөйлеу ыңғайында қолданар болсақ немесе ресми құжаттар тілінде осылардың әлде біреуінің кездесуі оғаш көрінбес еді. Сөйтіп, қисынсыздық туар еді. Сөз қисындылығының функциональдық стильдерінің түрлеріне қарай, сөйлеу жағдайына қарай, контексте байланысты өзгеріп отыратынын естен шығармаған мақұл. Әр стильдің бірін-бірі байытып отыратын элементтерін жоққа шығару қиын. Мұндайда өте сақтық қажет.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Тіл мәдениеті туралы не білесің?
2. Тіл мәдениетінің ерекшелігі неде?
3. Сөздің дәлдігі қандай?
4. Сөздің логикалылығы неге байланысты?
5. Сөздің тазалығы қалай айырамыз?
6. Сөздің мәнерлілігі дегенде не түсінесің?
7. Сөздің байлығы дегеніміз не?
8. Сөздің қисындылығы қандай болады?

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.М. Балақаев. Қазақ тілінің мәдениеті. Алматы, 1991.
2. Н. Уәлиев. Сөз мәдениеті. Алматы, 1992.
- 3.З. Қабдолов. Сөз өнері. Алматы, 1994.
- 4.М. Балақаев, М. Серғалиев. Қазақ тілінің мәдениеті. Алматы. 1995
- 5.Қудратов Т.Нутқ маданияти асрслари.Тошкент-1993
- 6.Нутқ маданиятига оид масалалар.Тошкент 1973
- 7.Қайқауыс Қабуснама .Нөкис 1987
8. Абай. Энциклопедия. -Алматы, 1999